

## ҚАЗАҚ ТІЛІН СӨЙЛЕСІМ ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТАЛАПТАРЫ

СЕРІКБАЕВА Г.

Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын қатынас құралы. Тіл және сөйлесу – адамзат баласы үшін тысқары бір дүние емес, ол ішкі құбылыс. Тіл қоғамдық құбылыс болғандықтан, оның болмыс-бітімі ең алдымен қоғамға қатынасы арқылы ашылады. Тіл бір жағынан қоғамдық қатынастың, яғни қоғамдық-өндірістік іс-тәжірибенің өнімі болса, екінші жағынан қоғамдық қажеттілікті өтеуге қызмет ететін адамзат қатынасының маңызды құралы болып есептеледі.

Соңғы жылдары жоғары оқу орындарында қазақ тілін мамандыққа сәйкес сөйлесім әрекеті арқылы оқыту тілдің қолданыс аясын кеңейте түсті. Сондықтан қазақ тілін оқытуды орыс бөлім студенттерінің ауызша тілімен қатар, мамандығына байланысты қарым-қатынаста қолданылатын кәсіби бағытталған лексиканы сөйлесім әрекеті арқылы меңгертудің орны ерекше. Бұл тұстағы басты міндет – болашақ маман иелерінің сөздік қорларын мамандыққа байланысты лексикамен молайту, ауызша және жазбаша тілдік қатынасты жүзеге асыру.

Тілді үйрету мәселесі, ең алдымен, тілді игеруді іске асырумен, оны практикалық тұрғыдан жетілдірумен байланысты. Тілді практикалық тұрғыдан игеру, оны оқытумен үйретуге де студенттермен жұмыс жүргізудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін білуді қажет етеді. Тілдерді үйрету әдісі заман талабына, уақыт ағымына қарай үнемі өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Тілді меңгертудегі негізгі әрекет – қарым-қатынас үрдісі, сөйлеу қатынасы. Сол себепті қазақ басқа ұлт өкілдеріне меңгертуде әдістеме ғылымында қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағытты ұстану – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.

Студенттерге сөйлесім әрекеті арқылы тілді меңгертудің тиімділігі – олар мамандықтарына байланысты кәсіби мәтіндерді оқып, оларды тыңдап, жаза отырып, негізгі деректерді ұғып, қажеттеріне жаратады. Сонымен қатар теле-радиодан берілген техникалық ақпараттық хабарларды түсініп, соған қатысты өз пікірлерін айтуға, сауатты жаза білуге үйренеді. Сөйлесім әрекетін игертуде тіл үйренушілерге кәсіби мәтіндерден шағын үзінділер беріледі. Студент газет-журналдардан, компьютерден мамандықтарына байланысты көптеген материалды тандап алып, сол тақырыпқа байланысты сөздік жұмысын жүргізеді, абзацтарға бөледі, оларға бөлінген абзацтарға тақырып қою жұмысы тапсырылады. Мұндай жұмыстар студенттерді өз бетімен жұмыс істеуге талпындырады, мәтінмен жұмыс істей отырып негізгі ойға, басты мазмұнға көңіл аудартады. Осыған байланысты сұхбат, логикалық сұрақтар өз бетімен туындайды.

Орыс бөлімі студенттеріне кәсіби лексиканы оқылымға қатысты үйрету төмендегідей мақсаттарды көздейді:  
- берілген мәтінді толық меңгеруге;

- сөздіксіз оқып, аударып білуге;
- оқыған материалды баяндауға;
- өзіне қажетті ақпаратты меңгеріп, есте сақтай білуге.

Ал жазылым оқылымның кейбір ерекшеліктерін толықтырады. Ол тілді меңгерудің күрделі саласы болып табылады. Жазылымда студент айтар ойын, сөзін, тілегін түсінікті түрде жазбаша құрастыра білуі керек. Сонымен қатар, олар жазбаша сұрақ қою, жауап қайтару, түсініктеме, пікір жазуға дағдыланады.

Басқа ұлт өкілдерін мамандыққа бейімдеп оқытуда тыңдалымның өзіндік ерекшелігі бар. Ауызша сөйлесу іске асқан жерде тыңдау да қатар жүреді. Адамның ауызша сөйлеуі ұшталып, есту мүшелеріне әсер еткенде ғана ұғынықты болады. Сондықтан, тыңдалым естуден және артикуляциялық бірліктен тұрады. Тыңдалымның айтылыммен ортақ тұстары көп. Тыңдалым мен айтылым – сөйлесім әрекетінің репликалық түрлері. Оқылым мен тыңдалымның бір-біріне ұқсас жақтары: интеллектуалды белгілерді (анализ бен синтез, салыстыру және ажырату, қорыту т.б.) меңгерту ерекшеліктерімен айқындалады. Тілдік айтылым мен жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, тыңдалым мен оқылымды да ескере отырып, қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі.

Бұл әрекеттердің бір-бірімен тығыз байланысты болғанына қарамастан, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, жазылым – тыңдалған материалды сауатты, жүйелі түрде қағаз бетіне түсіргенді талап етсе, тыңдалым – тілдік материалды есте сақтауға, оқылым – дұрыс оқуға, тілдесім – дұрыс айтуға негізделеді. Е.И.Пассовтың айтуынша: «Речевая деятельность обычно осуществляется в двух формах – устной и письменной, каждая из которых обладает своей спецификой».

Тілдік қатынас кезінде белгілі бір ой, хабар, ақпарат не айту арқылы, не жазу арқылы жеткізіледі. Соған байланысты айтылған хабар оқу арқылы түсінікті болады. Сондықтан айтылым мен тыңдалым сөйлесу әрекетінің ауызша түріне, ал жазылым мен оқылым жазбаша түріне жатады. Өйткені сөйлеу мен есту ауызша түрде жүзеге асса, белгілі бір хабарды оқу жазылым арқылы жүзеге асады. Яғни сөйлеген сөзді, оқыған мәтінді дұрыс қабылдауда тіл үйренуші тыңдау барысында паузаға, ой екпініне, дауыс қарқынына қарай хабарды қабылдайды. Ал оқу барысында тыныс белгісіне, сөздің грамматикалық белгілеріне, мағыналық бөліктеріне, ерекше белгімен жазылған сөздерге, схемаға, кестеге қарай отырып өзіне қажетті ақпаратты алады. Сөйлесім әрекетінің барлық түрлері тіл үйренушілер үшін ең басты әрекеттер екені даусыз. Жоғары оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне белгілі бір мамандыққа қатысты сөздер мен терминдерді меңгерту кәсіби тілдесім арқылы іске асырылады. Бұл оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалымның тілдесіммен бірлігін көрсетеді. Себебі оқылым арқылы графикалық таңбаларды таныса, тыңдалым арқылы оны жарыққа шығарады. Адамдардың бір-бірімен түсінісуі тілдесім арқылы жүзеге асады. Тілді үйретудің басты түйіні, кілті – қазақ тілінде сөйлесе білу және өз ойын дұрыс

жеткізе білу. Ол әрбір сабақта белгілі бір тақырыпта тілдесе білуден басталып, кез-келген ортада пікірлесуге дейін жүзеге асырылады.

Орыс бөлімдерінің студенттеріне қазақ тіліне тән төл дыбыстардың оқылуын, айтылуын, жазылуын меңгерту үшін студенттерге жеке-жеке немесе ұжымдық түрде көптеген жаттығу жұмыстарын істеткен жөн. Оларға сөздерді айтқызу, оқыту, тыңдату, жазғызу, жаңа сөздерді қолданып, тілдестіру қажет. Яғни студенттерге фонетикалық дағдыларды меңгерту үшін оларды сөйлеу кезінде сөздің құрамындағы дыбыстарды дұрыс қолдануын, түсінікті сөйлеуін қадағалап отыру керек. Студентке дұрыс айтуды, оқуды, өз ойын жеткізе алуды іске асыру үшін қазақ тілін практикалық тұрғыдан үйрету әдістерін қарастырған жөн. Осыған байланысты механика факультетінің студенттеріне кәсіби лексиканы сөйлесім әрекеті арқылы меңгерткенде төмендегідей талаптар қойылады.

Кәсіби мәтіндермен жұмыс бойынша:

- кәсіби бағытталған мәтіндерді тез түсініп, мәнерлеп оқу;
- мамандығына байланысты мәтіндерден негізгі ойды табу;
- кәсіби мәтіндерді құрылымына қарай абзацтарға бөлу, әр бөлікке ат қою;
- мамандығы туралы өз ойын, өз көзқарасын айта білу;
- мәтіннің мазмұнын түсінікті түрде қысқаша жеткізу;
- белгілі бір проблемалық сұрақтар төңірегінде пікір алыса білу;
- сөздіктерді немесе анықтамалықтарды пайдалана отырып өз бетімен жұмыс істеу;

- кәсіби мәтіннің стильдік ерекшеліктерін ажырату;

Кәсіби құжаттармен жұмыс бойынша:

- тыңдалған сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді бір-бірінен ажырата білу;
- сөздермен, сөз тіркестерімен жазбаша сөйлем құрауға дағдылану;
- кәсіби тақырып бойынша мәтінді тыңдап, оған жоспар құру, мазмұнын жазбаша жазу;
- техникалық құжаттардың лексикасын тыңдап, сөйлеуде қолдану;
- мамандықтарына байланысты бейнесюжеттерді көріп, берілген сұхбатты мұқият тыңдап, жазбаша сұрақ құрастыру;
- теледидар, радиодан берілген мәліметтерді, жаңалықтарды, репортажды көріп, тыңдап, адамдардың сөзін түсіне білу;
- естіген хабарды жазбаша дәптерге түсіру.

Кәсіби жағдаяттық тапсырмалар бойынша:

Диалог:

- мамандығы бойынша бір-бірімен тілдесу;
- сұрақ-жауап дайындау, бір-бірімен пікір алысу;
- мамандығы бойынша ой бөлісу;
- әр түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбат құру;
- рөлдік ойындар арқылы тілдесу;

Монолог:

- суреттер бойынша әңгіме құрастыру;
- оқылған немесе айтылған ақпарат жөнінде пікір білдіру.

Шығармашылық жұмыстар бойынша:

- тіл үйренушілерді өз ойларын жүйелі, нақты, түсінікті түрде жеткізе білуге талпындыру;

- студенттерге өз бетімен жұмыс істету.

Осы негізгі талаптарға қатысты құрылған жұмыстар жүйесі тіл үйренушіге мамандыққа қатысты кәсіби лексиканы сөйлесім әрекеті арқылы жүзеге асырудың ұтымды амалдарын көздейді. Тіл үйренушінің қазақ тілін меңгергендігін өз ойын дұрыс белгілі бір тақырып бойынша тілдесуінен, еркін әңгіме айтуынан байқауға болады. Студенттерге сөйлесім әрекетін меңгерту үшін аталған талаптар бойынша жұмыстар жүйесі жасалынады.

### **Резюме**

В этой статье рассмотрены пути усвоения профессиональной лексики через коммуникативное общение студентами русских отделений, а также всесторонне доказывается эффективность усвоения профессиональных терминов через разговорную деятельность.

### **Özet**

Bu makale Rusça ofislerimizle iletişim öğrencileri ile, hem de profesyonel öğrenme kelime ve yolları anlatıyor tamamen etkinliklerle terimleri profesyonel kelime öğrenme etkinliğini kanıtladı.

### **Resume**

This article discusses the ways of professional learning vocabulary through communicative communication students of Russian offices, as well as fully proved the effectiveness of learning professional vocabulary of terms through the activities.